

"Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін және Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнеақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстары туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 3 тамыздағы № 232 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 3 наурызда № 22289 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 23 қарашадағы № 485 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 23.11.2023 № 485 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін және Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнеақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстары туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының 2017 жылғы 3 тамыздағы № 232 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15629 болып тіркелген, 2017 жылғы 20 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша дерекқорын қалыптастыру қағидаларын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін және Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнеақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстары туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары қозғалыстар, сондай-ақ зейнетақы төлемін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидаларында:

5-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы, жеке сәйкестендіру нөмірі, азаматтығы";

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) салымшының (алушының) деректемелері, азаматтығы, мәртебесі өзгергені туралы дербестендірілген деректерді қамтиды.";

8-тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

"8. Мемлекеттік корпорацияға МЗЖ, МКЗЖ төлеу бойынша агенттерден, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 774-бабына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеушілер болып табылатын жеке тұлғалардан, сондай-ақ Заңның 39-бабының 2-тармағында көрсетілген жеке тұлғалардан МЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл түскен кезде "ТӨҰ" ААЖ күн сайын салымшылардың (алушылардың) дербес деректерін "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорындағы мәліметтермен салыстырып тексеруді жүргізеді.

Салымшылардың (алушылардың) дербес деректері "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорының деректеріне сәйкес келген, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басты куәландыратын қолданыстағы құжат (құжаттар) болған, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаты (құжаттары)

жоқ салымшылар (алушылар) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарына тиесілі болған жағдайда, Мемлекеттік корпорация БЖЗҚ-ға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) агенттері аударған, өсімақыларда.

Салымшылардың (алушылардың) дербес деректері "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорының деректеріне сәйкес келмеген, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген салымшының (алушының) жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаттар болмаған, Қазақстан Республикасының уәкілетті органы берген жеке басын куәландыратын қолданыстағы құжаты (құжаттары) жоқ салымшылардың (алушылардың) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің азаматтарына тиесілілігі болмаған, қайтыс болуы "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасындағы мәліметтерге сәйкес МЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл төленетін кезеңнен бұрын басталған салымшының (алушының) қайтыс болғаны туралы мәліметтер болған кезде, Мемлекеттік корпорация қайтару себебін көрсете отырып, агентке МЗЖ, МКЗЖ, өсімпұл сомаларын "Төлемдерді өңдеуді ұйымдастыру" ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде қайтаруды жүзеге асырады.";

9-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жынысы, азаматтығы;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ЖЗШ ашылған күнін көрсете отырып, МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ЖЗШ-ның жабылғаны туралы ақпарат;"

9) және 10) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"9) салымшының (алушының) азаматтығының, мәртебесі өзгергені туралы ақпарат;

10) салымшының (алушының) туған жері, тұрғылықты жерінің мекенжайы, азаматтығы.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы ақпарат алмасу қағидаларында:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидалары";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпарат алмасу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабының 8) тармақшасына, 34-бабы 9-тармағының 15) тармақшасына сәйкес әзірленді және орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыс туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпаратпен алмасу тәртібін айқындайды.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Орталық атқарушы орган мен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының ақпараттық жүйелері арасында жеке зейнетақы шоттары бойынша қозғалыстар туралы, сондай-ақ зейнетақы төлемдерін алушылар мен олардың мөлшері туралы ақпаратпен алмасу тәртібі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында алмасуға мынадай:

1) МЗЖ, МКЗЖ есепке алу бойынша ашылған және жабылған жеке зейнетақы шоттары;

2) түскен (қайтарылған) МЗЖ, МКЗЖ және (немесе) өсімпұл сомасы туралы;

3) салымшылардың (алушылардың) дербес деректері өзгергені туралы;

4) МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының сомалары туралы және мемлекеттік кепілдік бойынша айырма төлемін есептеу кезінде қажет БЖЗҚ-дан алушыға жүргізілген бірінші зейнетақы төлемінің күні туралы (сұрау бойынша беріледі);

5) сақтандыру ұйымына аударылғаннан кейін зейнетақы жинақтарының қалдық сомасы туралы және сақтандыру ұйымына аударылған күннен бастап Заңның 11-бабының 1-тармағында белгіленген жасқа жеткенге дейінгі зейнетақы жинақтарының сомасы туралы;

6) салымшының (алушының) мүгедектік тобын, белгіленген күнін және мерзімін мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында растау туралы;

7) МЗЖ, МКЗЖ есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарының сомалары, есепті күнге есептелген инвестициялық табыс сомалары туралы;

8) БЖЗҚ-дан сақтандыру ұйымына аударылған зейнетақы төлемдерінің және (немесе) аударымдардың мөлшерлері туралы мәліметтерді қамтиды.

9) ОАО-ның салымшыларға (алушыларға) жәрдемақыларды тағайындау негіздері туралы (салымшыда (алушыда) зейнетақы төлемдеріне салық салу кезінде стандартты салық шегерімдерін қолдану құқығы болған кезде);

10) Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтінішті Мемлекеттік корпорацияда тіркеген зейнетақы жинақтары бар зейнетақы төлемдерін алушылар туралы ақпарат жатады.

11) Заңның 31-бабының 1-1-тармағында, Заңның 32-бабының 1-1-тармағында көрсетілген адамдарға біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомалары туралы, Заңның 35-1-бабына сәйкес инвестициялық портфельді басқарушыға сенімгерлік басқаруға берілген зейнетақы жинақтарының сомалары туралы;

12) Заңның 11-бабының 1-3-тармақтарында көрсетілген адамдарға жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері туралы, сондай-ақ оларды тағайындау күніне белгіленген мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері туралы;

13) алушының жасына байланысты зейнетақы алушыларға, еңбек сіңірген жылдары үшін, отставкадағы судьяларға тиесілігі туралы;

14) тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында жүзеге асырылған, уәкілетті оператор қайтарған біржолғы зейнетақы төлемдерінің сомалары және инвестициялық портфельді басқарушыны сенімгерлік басқарудан Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруына зейнетақы жинақтарының қайтарылған сомалары туралы.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Осы Қағидалардың 5-тармағында айқындалған мәліметтерді беру Келісімге сәйкес электрондық тәсілмен жүзеге асырылады.";

8-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"8. БЖЗҚ күн сайын ағымдағы Нұр-Сұлтан қаласының ағымдағы күнгі уақыты бойынша 23 сағат 30 минуттан кешіктірмей ОАО ААЖ-ға осы Қағидалардың 5-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді Келісімде белгіленген форматта жібереді.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Осы Қағидалардың 5-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді беру ЖТБТ-ға өзгерістер енгізілген күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей Келісімге сәйкес ОАО ААЖ-дан БЖЗҚ-ға жүзеге асырылады.

БЖЗҚ салымшының (алушының) дербес деректерінің өзгергені туралы мәліметтерді алған күннен кейінгі бір жұмыс күнінен кешіктірмей БЖЗҚ ААЖ-ға өзгерістер енгізеді.

Жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 наурызына дейін ОАО мен БЖЗҚ-ның ААЖ-лары арасында Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнетақы жасына жеткен, БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар және БЖЗҚ-ға зейнетақы жинақтарын төлеу үшін өтініш жасамаған адамдар бойынша ОСО

ААЖ-да көрсетілген адамдарда жасына байланысты тағайындалған зейнетақы төлемдері және БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға проактивті қызмет көрсету үшін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдері болуға тиіс.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы Қағидалардың 5-тармағының 6), 9), 10), 11), 12), 13) және 14) тармақшаларымен белгіленген ОАО ААЖ-мен БЖЗҚ арасындағы мәліметтер алмасу Келісімде белгіленген форматта және мерзімде жүзеге асырылады."

2. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік сақтандыру, базалық әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру саясаты департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі*

С. Шапкенов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ